

Тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 19 тамыздағы N 282

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Озон" ғылыми-өндірістік фирмасы әзірлеген "Медициналық озонатор шкафы" құрылғысының тәжірибелік үлгілерін жасау жөніндегі бағдарламаны жүргізу, республиканың емдеу мекемелерінің базасында тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы ұсынысы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:
бағдарламаны орындау үшін жұмыс тобын құрсын;
тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін емдеу мекемелерін айқындасын;
аталған бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі 3 200 мың (үш миллион екі жүз мың) теңге шығысты 1997 жылға арналған республикалық бюджетте денсаулық сақтауға арнап көзделген жалпы қаражат есебінен жүзеге асырсын.

Премьер-Министр